


ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ ӨНЕРКӘСІБІ 2021 ж. қаңтар-тамыз

6,8
ТРАН ТГ.



МЕТАЛЛ кенін өндіру – **103,5%**

МЕТАЛЛУРГИЯ – **98,9%**


- Добыча металлических руд
- Metallургическая промышленность

\$9,6 МЛРД



ЭКСПОРТ

ИМПОРТ 34,3%
отп 65,7%



НАРЫҚ

\$2,3 МЛРД



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за 7 мес. 2021 г.

ӨНІРЛЕР КЕСІНІНДЕ 2021 Ж. ҚАҢТАР-ТАМЫЗДАҒЫ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ



2021 жылғы қаңтар-тамыздағы тау-кен металлургия өнеркәсібі

ҚР тау-кен металлургия өнеркәсібінің (ТМК) өндіріс көлемі 2021 жылғы қаңтар-тамызда 6,8 трлн. теңгені құрады, бұл, номиналды көрсеткіште 2020 жылғы осы кезеңнен 42% жоғары.

Тау-кен металлургия өнеркәсібінің құрылымында негізгі үлесті **түсті металлургия** құрайды – 2 973 млрд. теңге, содан кейін, **қара металлургия** – 1 765 млрд. теңге, ал, ТМК металл өндіруде негізгі үлесті **түсті металл өндіру** құрайды – 1 409 млрд. теңге, содан кейін, **темір кенін өндіру** – 676 млрд. теңге.

«Металл кенін өндіру» ФКИ 2021 жылғы қаңтар-тамызда 103,5% құрады.

Металл кенін өндіру құрылымында **«темір кенін өндіру» ФКИ 102,3% құрады.** Сектордағы оң өсу **«темір кенін (103,8%)» және «марганец кенін (162,7%)» өндірудің өсуі нәтижесінде қол жеткізілді.**

«Түсті металл кенін өндіру» ФКИ 104,2% дейін өсті. Сектордың оң ФКИ негізгі түсті кен өндіру ФКИ өсуі есебінен қалыптастырылды: мыс (123,3%), алюминий (112,8%), алтыннан тұратын (131,2%) және қорғасын-мырыш (149,3%).

Түсті металлургиядағы ФКИ төмендеуі (97,3%) тазартылған алтын (108,8%) және өңделмеген мырыш (100,2%) ФКИ оң көрсеткіштеріне қарамастан тазартылған күміс (97,4%), өңделмеген алюминий (95,1%), тазартылмаған өңделмеген қорғасын (85,7%) және тазартылған өңделмеген мыс (91,3%) ФКИ есебінен болды.

Қара металлургия ФКИ негізгі өсуі (101,5%) тазартылмаған болат (117,9%) және жалпақ прокат (118,9%) оң ФКИ нәтижесінде болды, ал, қоспасыз болаттан жасалған қырлы табақ (81%), ферроқорытпа (90,6%) және әр түрлі диаметрлі құбырлар (96,3%) өндірісі теріс өсу қарқынын көрсетті.

2021 жылғы қаңтар-шілдеде металлургия өнімінің экспорты 6,9 млрд. АҚШ долл. құрап 26% өсті. Металлургия өнімінің құрылымында қара металлургия экспортының көлемі өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 48% өсті. Түсті металлургия экспорты 3,7 млн АҚШ долларынан 4,2 млрд. АҚШ долл. дейін 14% өсті.

Металлургия өнімінің экспорты құрылымында негізгі көлемді жалпақ прокат, ферроқорытпа және сазтопырақ құрайды. Құндық құрылымда металлургия өнеркәсібі экспортының өсуі мыс, ферроқорытпа және жалпақ прокат экспортының өсуі есебінен қамтамасыз етілді.

2021 ж. қаңтар-шілдеде ҚР-да металлургия өнімін сатушы негізгі нарықтар Қытай (34%), Ресей (22%), Түркия (7%) және Ұлыбритания (7%) болды.

2021 ж. қаңтар-шілдеде металлургия өнімі импортының көлемі өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 10% өсті және 1 608 млн АҚШ долл. құрады.

Металлургия өнеркәсібі импортының құрылымында *2021 ж. қаңтар-шілдеде* металл құрастырылымдар (31%), шыбықтар (20%), жалпақ прокат (16%) және алтын (12,2%) басым.

2021 жылғы қаңтар-шілдеде ҚР-да металлургия өнімін негізгі жеткізушілер Ресей (85%), Қытай (6%), Өзбекстан (2%) және Жапония (1%) болып табылады.

2021 жылғы 7 айда ҚР-дағы металлургия өнеркәсібінің нарық көлемі 6,6 млрд АҚШ долл. құрады, онда, ОТӨ үлесі 65,7%, импорт өнім үлесі 34,3% құрайды.

Сала 3 өңірде жоғары аумақтық шоғырланумен ерекшеленеді: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында. Қарағандыда тау-кен металлургия өнеркәсібінің үлесі ҚР-дағы өндірістің жалпы өлемінің 38% құрайды. Қалған 2 өңірдегі - ШҚО және Павлодар облыстарындағы үлес 18% және 15% құрайды.